

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Ч.1 - Б.79-82

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ «КАМЫШЕНКА» ЖШС ТАЙЫНШАЛАРДЫ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Омар Г. Т., Бекқожин А. Ж.

Мақалада малдың дене бітімі мен сыртқы түрі, олардың өнімділік бағыттары және ерекшеліктері туралы келтірілген. Зерттеу нысаны ретінде Ақмола облысы «Камышенка» ЖШС сүтті-тауарлы шаруашылықта өсірілетін қара-ала және симментал тұқым тайыншалары алынған. «Камышенка» ЖШС сүтті-тауарлы ЖШС жағдайында ғылыми-шаруашылық тәжірибенің кешендік зерттеу-лері жүргізілді, сол орайда қара-ала мен симментал тұқым ұрпақтарының өсуі мен дамуы зерттелінді. Барлық жұмыстар сүтті табынның кешенінде шаруашылықта қалыптасқан жұмыстар тәртібі бойынша жүргізілді. Қара ала мен симментал тұқымының 6 және 12 айлық тайыншаларының өсуі, дамуы, экстерьерлік ерекшеліктері зерттелінді.

Малдың өсіп-жетілуін, әдетте туғаннан кейінгі кезеңдердегі салмағын, бойын және көлемін өлшеу арқылы анықтайды. Пайдалы мағлұматтар алу үшін өлшеу мерзімдерінің маңызы зор. Бұл түліктің түріне, жасына, өнім беретін бағытына және зерттеу мақсатына байланысты. Малдың жас ерекшеліктеріне байланысты өсу заңдылықтарын зерттеу үшін оларды жас кезінде жиі өлшейді [1].

Бұзаудың өсу жылдамдығы олардың денсаулығына, алғашқы төлдеу жасы мен өмір сүру ұзақтығына әсер етеді. Көптеген шаруа қожалықтары ірі азықтарды қабылдауды ынталандыру және ерте сепкенді жеңілдету үшін сүт рაციонын шектейді, бірақ бұл өсуді бәсеңдетуі мүмкін. Бұл сүтпен азықтандыру ұзақтығына байланысты болып келеді [2].

Малдың сүт өнімділігін қалыптастыру олардың генетикалық әлеуетін жүзеге асыруға негізделеді, сонымен бірге сыртқы орта жағдайлары әлеуеттің ашылуына септігін тигізіп, мықты дене бітімін қалыптастыруы тиіс [3].

Тайыншаларды өсіруге бағытталған көптеген тәсілдердің ішіне неғұрлым маңыздысы қоректендіру деңгейін және жануардың өсу мен даму кезеңдері бойынша олардың тірі салмақтарының өсуін жоспарлау маңызды. Өсу жоспары – оның барлық жас кезеңдерінде төлдің қажетті мөлшерде тірі салмағының өсуін алуға мүмкіндік беретін мақсатты іс-шара. Оны тұқымның ерекшелігін, оның биологиялық ерекшеліктерін және өнімділік бағытын есепке ала отыра құрастырады [4].

Зерттеу әдістемесі

«Камышенка» ЖШС сүт-тауарлы шаруашылығы жағдайында тайыншалардың өсі-ру технологиясын зерттеу бойынша алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес кешендік зерттеу жүргізілді. Тайыншалардың 6, 12 айлық жасы мен туу кезіндегі тірі сал-мағы ескеріле отырып, қос аналог әдісі бойынша 10 бастан тұратын 2 топ құрылды.

Жануардың жақсы дене бітімі, денсаулық және құрылысы мықтылығының, сондай-ақ, жоғары өнімділіктің сенімді биологиялық негізі болады. Сондықтан жануарлардың өнімді қасиеттерін зерттеу мен бағалау құралы ретінде экстерьерге көп мән беріледі. Зоотехникалық тәжірибеде жас тайыншалардың өсуін есепке алу үшін, көбіне мынадай ретте өлшейді: туғанда және 6; 9; 12; 18 және 24 айлық жаста. Тайыншаларды екі жастан асқанда жылына екі рет өлшейді-көктемде және күзде. Тайыншаларды тамақтандыруға дейін таңертең өлшеген дұрыс. Тайыншалардың өсуі туралы толық мағлұматты, тек оның салмағының өзгеруі негізінде ғана алмайды, себебі өсіп келе жатқан ағза өз көлемін ұлғайтса да қоректің уақытша жетіспеуі кезінде оның салмағы ешбір өзгеріссіз қалады. Осыдан басқа жас малдың өсу процесінде оның дене бітімі өзгереді, оның өзі осылайша тірі салмағында байқалмайды. Сондықтан жануардың өсуін талқылауда оларды жүйелі түрде салмағын ғана өлшеп қана қоймай, сонымен қатар дене бітімін өлшеуде қажет.

Тайыншалардың дене бітімін, салмағын өлшеген күндері бір мезгілде өлшеп отыру қажет. Тайыншаларның дене өлшемдерінің өсуі жануардың дене бітімін өлшеу жолымен анықталады және ол сантиметрмен беріледі. Малдардың денесінің бөліктерінің ұзындығы оның қаңқасының ұзындығына байланысты болатындықтан, дене бітімінің өлшемдері де сүйек қаңқасының өсуін сипаттайды. Дене бітімінің дамуы келесідей өлшемдері бойынша бағаланады: шоқтығының биіктігі, құйымшағының биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеудесінің тереңдігі, кеудесінің енділігі, мықын аралық ені, шонданай төмпешігінің жал-пақтығы, кеуде орамы, жіліншік орамы. Жануарларды өлшеу үшін мынадай құралдар пай-даланылды: өлшеуіш таяқ, өлшеуіш циркуль, өлшеуіш таспа. Зерттеулер жүргізу бары-сында дене бітімінің индекстерін, яғни жануар денесінің пропорцияларын сипаттайтын, анатомиялық және физиологиялық өзара байланысты өлшемдердің пайыздық қатынасы есептеледі. Оларға: сирақтылығы, ұзындығы, тұрқымен салыстырғанда көкірек арасы, ке-удесі, жамбасы мен кеудесі, бойшандылығы, сүйектілігі, бөкселік индекстері жатады [5].

Зерттеу нәтижелері

«Камышенка» ЖШС сүтті-тауарлы шаруашылық жағдайында қара-ала және сим-ментал тұқым тайыншаларын зерттеу бойынша алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес кешендік зерттеулер жүргізілді. Қара-ала және симментал тұқымдарының шығуы, жасы мен туу кезіндегі тірі салмағы ескеріле отырып, қос аналық әдісі бойынша 10 бастан тұратын тобы құрылды. Барлық жұмыстар сүтті табынның кешенінде шаруашылықта қалыптасқан жұмыстар тәртібі бойынша жүргізілді. 6, 12 айлық қара ала мен

симментал тұқым тайыншалардың өсуі, дамуы, экстерьерлік ерекшеліктері зерттелінді. Зерттеулері-мізде қара-ала тұқым тайыншаларының өсуі мен дамуын бағалау барысында симментал тұқым тайыншалары жақсырақ дамығаны байқалды (1 кесте).

1 кесте – Қара-ала және симментал тайыншаларының дене өлшемдері

Дене өлшемдері, см	Қара-ала тұқымы		Симменталтұқымы	
	байлық	12 айлық	байлық	12 айлық
Шоқтығының биіктігі	97±0,4	108±0,8	98,1±0,32	120,1±0,25
Құйымшағының биіктігі	103±0,9	108±0,7	100,1±0,75	126,3±0,83
Кеудеорамы	128±0,8	170±1,5	124,1±1,05	155,0±0,4
Тұрқының қиғаш ұзындығы	84±0,9	109±1,3	109,0±1,02	132,0±1,09
Кеудеенділігі	28±0,5	36±0,6	25,1±0,57	32,0±1,2
Кеуде тереңдігі	38±0,9	49±0,5	44,0±0,40	62,0±2,8
Мықын аралық ені	26±0,6	34±0,6	22,0±0,8	33,5±0,8
Шонданай төмпешігінің жалпақтығы	16±0,4	25±0,6	25,5±0,6	18,0±0,6
Жіліншік орамы	17±0,3	24±0,3	14,0±0,20	18,0±0,23

Кестеден көрініп тұрғандай, 6 айлық симментал тұқым тайыншалары өте жақсы да-мыған, 6 айлық қара-ала тұқым тайыншаларынан ірі болып, шоқтықтағы биіктігі бойын-ша (97±0,4) асып түскен, қара-ала тұқым тайыншаларының бұл көрсеткіші 97±0,4см, ал құйымшақ биіктігінің көрсеткіші 126,3±0,83см, яғни қара-ала тұқым тайыншаларынан 23 см артық және басқа да дене өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша біршама басым түскені байқалады.

Малдың дұрыс өсіп жетілгенін анықтау, дене құрылысының сыртқы сымбатын ба-ғалау, әрі малдың конституциялық типін білу үшін дене құрылысының индексін есептей-ді. Әрине екі мүше өлшемі анатомиялық ерекшеліктері арқылы бірімен-бірі байланысты болады. Дене құрылысы индексін есептеу арқылы малдың типіне толық сипаттама беріле-ді, оның жасының өзгеруіне қарай дене құрылысындағы өзгерістер анықталады.

Жоғарыда келтірілген өлшемдер арқылы тайыншалардың ең маңызды индекстері есептелінді, нәтижесі 2 кестеде келтірілген.

2кесте – Қара-ала және симментал тайыншаларының индекстері,%

Индекс	Қара-ала тұқымы		Симменталтұқымы	
	байлық	12 айлық	байлық	12 айлық
Сиραқтылығы	60,7±0,95	54,5±0,4	55,0±0,27	52,0±0,36

Ұзындығы	86,2±1,05	101±1,1	113,0±0,5 7	116,5±0,8 3
Тұрқымен салыстырғанда көкрек арасы	153±1,9	155±1,7	112,0±0,9 2	122,0±1,0 3
Жамбасы мен кеудесі	110,3±2,2	106,3±1, 8	72,3±1,6	75,4±1,3
Кеудесі	74,5±2,2	73,5±1,2	57,0±0,69	56,1±0,69
Бойшаңдылық	106,3±0,6	99,7±0,8	106,1±1,3	103,8±0,8
Бокселік	60,4±1,9	74,6±1,6	61,5±1,7	73,5±1,5
Сүйектілік	17,5±0,3	22,5±0,3	14,5±0,13	15,5±0,22

Жоғарыда келтірілген дене өлшемдерін пайдалана отырып, есептелген тұлға ин-декс көрсеткіштері ұсынылған. Дене өлшемдері стандарт талаптарына сайкелуіне орай индекстерінің көрсеткіштері қанағаттанарлық.

Қара-ала мен симментал тұқымының 6, 12 айлық жастағы тайыншаларының өсуі және даму көрсеткіштерінің мәліметтері келтірілген. Алынған мәліметтер бойынша қара-ала мен симментал тұқымының әртүрлі жастағы тайыншалардың өсуі мен дамуы өте қарқынды түрде өткені көрінеді (кесте 3).

Зкесте– Қара-ала және симментал тұқымының әртүрлі жастағы тайыншалардың өсуі мен дамуы

Көрсеткіштер	Қара-ала тұқымы			Симментал тұқымы		
	Туылған кездегі салмағы	6 ай	12 ай	Туылған кездегі салмағы	6 ай	12 ай
Тірілей салмағы, кг	25±0,4	146±0,9	292±2,4	31,8±0,6	149±1,6	272±0,6
Абсолюттік өсім, кг		114±2,6	116±3,1		117±3,9	123±3,9
Орташа тәуліктік өсім, г		685	674		635,0	700,0
Өсу қарқындылығы, %		60,9	84,0		61,2	86,0

3 - кестедегі мәліметтер бойынша симментал тұқым тайыншалары салмағы бойынша ірі болып келді (31,8 кг), қара-ала тұқым тайыншаларынан 2,8 кг басым болды. Ірі болып туылғандықтан 12 айлығында да жоғары салмақпен ерекшеленіп қана қоймай, абсолюттік (126,0 кг), орташа тәуліктік

(700 г) және салыстырмалы өсімде (86%) де басым екенін көруге болады. 6 айында 146,0 кг жеткен, бұл көрсеткіш қара ала тұқымынан 3 кг артық болған.

Қорытынды

Ақмола облысының «Камышенка» 6, 12 айлық қара-ала тұқым тайыншалары мен симментал тұқым тайыншаларын салыстырғанда, азықты жақсы жеуімен өсудің қарқын-дылығымен, жоғары салмағымен және орташа тәуліктік өсімдерімен ерекшелінген.

Негізгі өлшемдері мен дене бітімі индекстерінің көрсеткіштері бойынша қара-ала мен симментал тұқымдары сүтті типке ие. Симментал тұқым тайыншалары жақсы да-мыған, қара-ала тұқым тайыншаларынан ірірек болып, шоқтығының биіктігі бойынша 6 айлық жасында $98,1 \pm 0,32$ см жеткен, ал қара-ала 6 айлық тайыншалары $97 \pm 0,4$ см, ал құйымшақ биіктігінің көрсеткіші $126,3 \pm 0,83$ см, яғни қара-ала тұқым тайыншаларынан 23 см артық және басқа да дене өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша біршама басым түс-кені байқалады.

Жалпы алғанда барлық зерттелінген малдың дене бітімі айқын сүтті типте екендігін атап өту қажет.

Симментал тұқым тайыншалары салмағы бойынша ірі болып келді (31,8 кг), қара-ала тұқым тайыншаларынан 2,8 кг басым болды. Ірі болып туылғандықтан 12 айлығында да жоғары салмақпен ерекшеленіп қана қоймай, абсолюттік (126,0 кг), орташа тәуліктік (700 г) және салыстырмалы өсімде (86%) де басым екенін көруге болады. 6 айында 146,0 кг жеткен, бұл көрсеткіш қара ала тұқымынан 3 кг артық болған.

Әдебиеттер тізімі

1 Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә., Мал өсіру және селекция / Оқу-лық-өңделіп, толтырылған 2-ші басылым. - Алматы, - 2012. - Б. 95-96.

2 Johnson, K. F., Chancellor, N., Burn, C. C., Wathes, D. C. // Analysis of pre-weaning feeding policies and other risk factors influencing growth rates in calves on 11 commercial dairy farms. - Volume 12. - Issue 7. – P. 1413-1423.

3 Grotthe P.A, Liele und programme der organisierten Ych war zbuntzucht in der Bu.rdesrepublik Deutchiand. // Verband Deutscher Uchwarz zuchter. – 1986 v. L-p.16.

4 Красота В.Ф. Селекция на гетерозис у сельскохозяйственных животных. - М. Ко-лос, - 1979. -220 с.

5 Садықұлов Т.С., Бексейітов Т.К. Мал өсіру және селекция: жоғары оқу орында-рының ауыл шаруашылық мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған оқу-лық: ЖШС РПБК «Дәуір», - 2011. – Б. 36-39.